

Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III "Астана қаласының аумағында құрылыс салу Ережелері туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 маусымдағы N 165/20-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 28 шілдеде N 403 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімімен

***Ескерту - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімінен
Үзінді:***

Заңнамалық нормалардың өзгеруіне және жекелеген шешімдердің қолданыс мерзімдерінің өтуіне байланысты Астана қаласының мәслихаты шешім қ а б ы л д а д ы :

- 1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.***
- 2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.***

***Астана қаласы мәслихатының
сессия төрағасы***

***Астана қаласы мәслихатының
хатшысы***

***Астана қаласы мәслихатының
2006 жылғы 21 қыркүйектегі
N 285/35-III шешіміне қосымша***

***Астана қаласы мәслихатының күшін жойған кейбір
шешімдерінің тізімі***

12. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 30 маусымдағы N 165/20-III "Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III "Астана қаласының аумағында құрылыс салу қағидалары туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 2005 жылғы 28 шілдеде 403 нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 4 тамызда "Астана хабары" газетінде, 2005 жылғы 9 тамызда "Вечерняя Астана" газетінде жарияланды);

...

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты Ш Е Ш Т І :

Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III "Астана қаласы аумағында құрылыс салу Ережелері туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 5 тамызда тіркелген N 340 , 2004 жылғы 20 қарашадағы "Астана хабары", 2004 жылғы 17 тамыздағы "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған), 2005 жылғы 17 ақпандағы N 122/16-III "Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 55/9-III "Астана қаласы аумағында құрылыс салу Ережелері туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 18 наурызда тіркелген N 380 , 2005 жылғы 2 сәуірдегі "Астана хабары" және "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешімімен бекітілген Астана қаласы аумағында құрылыс салу Ережелеріне мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тараудағы 4-бөлімнің 12-тармағындағы "Объектілердің құрылысы үшін жер учаскелерін беру туралы шешімдерді шығару кезінде" сөздерінен кейін "шағын кәсіпкерлік субъектілерімен, объектілердің" сөздерімен толықтырылсын.

Астана қаласының мәслихаты

сессиясының төрағасы

А с т а н а қ а л а с ы

мәслихатының хатшысы